

Халықаралық іскерлік операцияларда трансферттік бағалар қолдану кезінде мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 14 мамырдағы N 590 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 4 маусымда тіркелді. Тіркеу N 1528. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитеті төрағасының 2003 жылғы 11 тамыздағы N 325, ҚР Кедендік бақылау агенттігінің 2003 жылғы 13 тамыздағы N 386 бірлескен бұйрығымен (V032471).

"Трансферттік бағалар қолдану кезіндегі мемлекеттік бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 5 қаңтардағы N 136-II Заңын орындау үшін

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған Халықаралық іскерлік операцияларда трансферттік бағалар қолдану кезінде мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру тәртібі туралы нұсқаулық бекітілсін.

2. Трансферттік бағалар қолданылуы мүмкін мәмілеге мониторинг жүргізу құралына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін жауапты орындаушыларды ҚР МКМ-нің Электронды мониторинг департаменті (Е.Б. Мұқай) және кеден комитеті (М.О. Нүкенов) айқындасын.

3. Электронды мониторинг департаменті (Е.Б. Мұқай) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Вице-Министр Қ.А. Нүрпейісовке жүктелсін.

5. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және 2001 жылғы 1 қаңтардан бастап әрекетке енгізіледі.

Министр

К е л і с і л д і

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік кіріс Министрінің
2001 жылғы 14 мамырда N 590

2001 жылғы 15 мамырда бұйрығымен бекітілген

Халықаралық іскерлік операцияларда трансферттік бағалар қолдану кезінде мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру тәртібі туралы нұсқаулық

1. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулық "Трансферттік бағаларды қолдану кезінде мемлекеттік бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 5 қаңтардағы Заңына с ә й к е с ә з і р л е н г е н .

2. Осы Нұсқаулықта пайдаланылатын түсініктер мыналарды білдіреді:

1) есепті ай - халықаралық іскерлік операцияларды жүзеге асыру айы;

2) есепті тоқсан - халықаралық іскерлік операцияларды жүзеге асыру тоқсаны

3. Трансферттік бағаларды қолдану кезінде мемлекеттік бақылау мынадай мәмілелер бойынша :

1) өзара тәуелді немесе өзара байланысты тараптар арасында;

2) тауар айырбас (баспа-бас) операциялары бойынша;

3) қарсы біртекті талапты есепке алу (талапқа жол беру кезіндегі есепке алуды қоса) жолымен жүзеге асырылатын мәмілелер бойынша міндеттемелерді орындау кезінде ;

4) қаржы операцияларын жүзеге асыру кезінде заңдары ақпаратты ашуды және беруді көздемейтін шетел мемлекеттеріндегі тіркелген (тұратын) немесе банк шоттары бар не оффшорлық аймақты қоса, салық салудың жеңілдетілген режимі қолданылатын тіркеу (тұру) орны бойынша тұлғалармен мәмілелерді жасау кезінде ;

5) салықтар бойынша жеңілдіктері бар немесе салық заңдарымен белгіленген ставкадан өзгеше олар үшін ставка белгіленген заңды тұлғалармен мәмілелер жасау кезінде ;

б) мәмілелерді жасау жылынан бұрынғы соңғы екі салық жылы үшін салық декларацияларының мәліметтері бойынша шығындары бар заңды тұлғалармен мәмілелерді жасау кезінде жүзеге асырылады.

Осы тармақтың 1)-6)-тармақшалары іс-әрекетінің күшіне түспейтін халықаралық іскерлік операциялары бойынша мемлекеттік бақылау тауардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) рыноктық бағасынан сол немесе өзге жаққа 10 проценттен астамға мәміле бағасының ауытқу фактісі белгіленген жағдайда жүзеге асырылады .

Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылатын және осы тармақтың 5) және 6) тармақшалары іс-әрекетінің күшіне түсетін мәмілелер бойынша мемлекеттік бақылау халықаралық іскерлік операцияларымен олардың өзара байланысы жағдайында жүзеге асырылады.

4. Трансферттік бағаларды қолдану кезінде мемлекеттік бақылауды (бұдан әрі - мемлекеттік бақылау) Қазақстан Республикасының салық қызметі органдары мен кеден органдары жүзеге асырады.

5. Мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін салық қызметі органдары мен кеден органдары трансферттік бағалар қолданылуы мүмкін мәмілелердің

мониторингін

жүргізеді.

Олар бойынша мониторингке жататын мәмілелердің тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) тізбесі Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс Министрінің бұйрығымен бекітіледі.

2. Мемлекеттік бақылау бойынша уәкілетті органдардың құзыретін шектеу

6. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі және оның аумақтық салық органдары бақылаудың мынадай:

1) осы нұсқаулықтың 3-тармағында көрсетілген мәмілелер мониторингін жүргізу;

2) тауарларға (жұмыстарға, қызмет көрсетулерге) рыноктық бағалар бойынша ақпараттық базаны жүргізу;

3) тауарларға (жұмыстарға, қызмет көрсетулерге) бағалардың ауытқуы мәселелері бойынша тексерістерді жүргізу;

4) салық салу объектілерін түзетумен байланысты салықтар және басқа да міндетті төлемдер, айыппұлдар мен өсімдер сомасын аудару және өндіріп алу;

5) трансферттік бағаны қолдану кезінде жасырылған, кірістерден кеден төлемдерінің сомасын аудару және өндіріп алуды салық органдарының жүргізуі үшін трансферттік бағақұрауды қолданудың белгіленген фактілері бойынша деректерді Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитетіне беру іс-шараларын жүзеге асырады.

7. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті және оның құрылымдық бөлімшелері бақылаудың мынадай:

1) тауарлар бойынша кеден жүк декларацияларының электрондық база мәліметтерін жүргізу;

2) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігіне тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша мәліметтерді беру;

3) өз құзыреті шегінде трансферттік бағақұрау мәселелері бойынша және құжатты тексерістерде салық органдарымен бірге қатысу;

4) кеден заңдарына сәйкес салық органдарының мәліметтері бойынша трансферттік бағаны қолдану кезінде төмендетілген, кірістерден кеден төлемдерінің сомасын аудару және өндіріп алу іс-шараларын жүзеге асырады.

3. Халықаралық іскерлік операцияларындағы мәмілелерде мониторинг жүргізу тәртібі

8. Мәмілелер мониторингі - халықаралық іскерлік операцияларына қатысушылар қолданатын тауарларға (жұмыстарға, қызмет көрсетулерге) бағалар үшін уәкілетті органдардың сыртқы бақылауының жүйеленген нысаны.

9. Мәмілелер мониторингі кеден органдарының мәліметтері және уәкілетті органдарға халықаралық іскерлік операцияларының қатынасушылары беретін

мәліметтер негізінде өткізіледі.

10. Тауарларға (жұмыстарға, қызмет көрсетулерге) рыноктық бағаны айқындау кезінде уәкілетті органдар Қазақстан Республикасының Үкіметі белгіленетін тізбедегі рыноктық бағалар бойынша ресми ақпарат көздерін п а й д а л а н а д ы .

11. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті ай сайын жүк кеден декларациялары мен мәмілелер паспорттарының негізінде тауарлар бойынша экспорттық мәмілелер жөніндегі мәліметтерді Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігіне жібереді.

12. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс Министрінің бұйрығымен айқындалған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша Ресей Федерациясының Мемлекеттік кеден комитетімен және басқа елдердің кеден қызметтерімен тұрақты түрде ақпарат алмасуды жүзеге асырады. Ақпарат алмасу басқа елдердің кеден қызметтерімен ақпарат алмасу туралы қолданылып жүрген келісім-шарттар шегінде жүзеге асырылады.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігіне деректерді беру тәртібі

13. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден к о м и т е т і :

есептіден кейінгі айдың 25 күніне ай сайын осы Нұсқаулыққа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ақпаратты Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігіне береді;

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің және аумақтық салық комитеттерінің сұрау салуы бойынша басқа елдердің кеден қызметтерімен ақпаратты алмасу туралы қолданылып жүрген келісім-шарттар шегінде мемлекеттік бақылауды жүргізу үшін қажетті ақпаратты береді;

осы Нұсқаулықпен айқындалған тиісті тауарлық топтардың бөлшегінде Қазақстан Республикасынан экспортталған тауардың кеден құны және Қазақстан Республикасынан олардың аумағына импортталған тауарлардың кеден құны бойынша шетелдік мемлекеттердің кеден қызметтері берген ақпараттың арасындағы айырмашылық мәніне салыстырмалы талдау жүргізеді. Тоқсан сайынғы есеп түріндегі ақпарат есепті тоқсаннан кейінгі айдың 25 күніне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігіне беріледі.

14. Халықаралық іскерлік операцияларына қатынасушылар тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) бағаларын қалыптастыруға әсер ететін жағдайларды растайтын қолданылатын бағаның экономикалық негіздемесін және құжаттарды уәкілетті органдарға уақытында беруге құқығы бар.

5. Рыноктық бағадан бағаның ауытқу фактісі белгіленген жағдайлардағы кірістерді (шығыстарды) түзету

15. Рыноктық бағадан мәміле бағаның ауытқу фактісі белгіленген кезде салық органдары салық салу объектілерін түзетеді.

Салық салу объектілерін түзету негізінде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес егер осы мәмілелер мен басқа да салық салу объектілерінен кірістер немесе шығыстар айыппұлдар мен өсімдерді қоса рыноктық бағадан ескеріп айқындалса, осындай жолмен есептелген заңды тұлғалардың табыс салығы, қосылған құн салығы, акциз (акцизделген тауарлармен мәмілелер жағдайында), жер қойнауын пайдаланушыларда роялти және үстеме пайдаға салық, кеден төлемдерін аудару жүргізіледі.

16. Рыноктық бағадан мәміле бағасының ауытқу есебі мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$\text{Ауытқу проценті} = (P_m - P_k) * 100\% / P_m,$$

онда P_m - рыноктық баға, P_k - мәмілені жасау кезінде қолданылатын баға.

17. Кірісті (шығысты) түзету халықаралық іскерлік операциясына қатысушының нақты кірісі (шығысы) мен есептік кірісі (шығысы) арасындағы айырма сомаға жүргізіледі. Есептік кіріс (шығыс) салыстырмалы экономикалық (коммерциялық) жағдайларда айқындалған тауардың (жұмыстың, қызмет көрсетудің) бірлігі үшін рыноктық бағадан және заттай көріністегі нақты мәміле көлемін көбейту жолымен айқындалады.

1-мысал. А тауары 100 бірлік сандағы бірлік үшін 100 АҚШ доллары бағасы бойынша экспортқа сатылған. Қаралатын кезеңде ұқсас (біртекті) тауарға рыноктық баға 150 АҚШ долларын құрады. Рыноктық бағадан ауытқу $((150-100)/050)*100\%=33,3\%$ құрайды. Кірісті түзету $150*100 - 100*100 = 5\ 000$ АҚШ доллары сомасына жүргізіледі.

2-мысал. Новороссийск портындағы бидайды ауыстырып тиеу бойынша орташа өлшенген шығындар бидайдың тоннасына 5 АҚШ долларын құрады. Сол уақыт кезеңіндегі А компаниясының сол порттағы 18 000 мың тонна бидайды ауыстырып тиеуге шыққан шығыны 144 мың АҚШ долларын немесе бидайдың әр тоннасына 8 АҚШ долларын құрады. Шығындардағы ауытқулар $((8-5)/8)*100\%=37,5\%$ құрады. А компаниясындағы шығындарды түзету $(8-5)*18\ 000=54\ 000$ АҚШ доллары сомасына жүргізіледі.

18. Егер, халықаралық іскерлік операцияларға қатысушылар халықаралық іскерлік операцияларға байланысты шығындардың дұрыстығын дәлелдеген жағдайда, қызмет көрсетулерге (жұмыстарға) шыққан шығындарды түзету жүргізілмейді.

Мысал. А компаниясы тоннасы 30 АҚШ долларын құрайтын 10 000 тонна бидайды 1 бағыт бойынша рынокқа дейін тасымалдауға шығындар төледі. А

компаниясының осы жүкті сақтандыру жөніндегі шығыны 10 000 АҚШ долларын немесе бидайдың әр тоннасына 1 АҚШ долларын құрады. Б компаниясының осы көлемдегі бидайды рынокқа дейін тасымалдауы, бірақ басқа 2 бағыт бойынша бидайдың әр тоннасына 20 АҚШ долларын құрады, ал жүкті сақтандыру 13 000 АҚШ долларына немесе әр тоннасына 1,3 АҚШ долларына шықты. Б компаниясының жиынтық шығындары А компаниясының жиынтық шығындарынан тоннасына $(31-21,3=9,7)$ 9,7 АҚШ долларына кем болғандықтан сақтандыру жөніндегі Б компаниясының шығындары түзетілмейді.

19. Бағалардың ауытқу көлемін айқындау кезінде рыноктық бағалардың мәмілелерін уәкілетті органдар мынадай шарттарды ескереді:

1) жеткізілетін тауарлардың (мысалы, тауар тобының көлемі), орындалатын жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің саны;

2) жеткізілетін және сатып алынатын тауарлардың сапасы, орамасының, ыңғайлы қалыптасуының болуы немесе болмауы;

3) міндеттемелерді орындау мерзімдері;

4) мәмілелердің осы түрін қолдауға қолданылатын кәдімгі төлем шарттары, сондай-ақ бағаларға әсер етуі мүмкін өзге де шарттар;

5) өзара бағынысты емес тұлғалар арасында мәміле жасау кезінде қолданылатын бағадан немесе үстеме бағадан алынатын кәдімгі шегерімдер.

К ө б і н е с е , м ы н а л а р ғ а :

тауарларға (жұмыстарға, қызмет көрсетулерге) тұтынушы сұраныстарының м е з г і л д і к а у ы т қ у л а р ғ а ;

тауарлардың сапасын және өзге де тұтынушылық қасиеттерін жоғалтуына;

тауарлар сапасының және өзге де тұтынушылық қасиеттерінің жоғалтуын ішінара жақсарту немесе қалпына келтіруге;

тауарлардың жарамдылық немесе сату мерзімдерінің аяқталуына (аяқталу кү н і н і ң ж а қ ы н д а у ы н а) ;

ұқсас емес жаңа тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) рынокқа жылжыту кезінде, сондай-ақ тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) жаңа рынокқа жылжыту кезінде маркетингтік саясатқа;

оларды тұтынушылармен таныстыру мақсатында тауарлардың тәжірибелі модельдері мен үлгілерін сатуға байланысты шегерімдер мен үстемелер е с к е р і л е д і .

Мысал. Мұнай компаниясы құбыр желісі бойынша экспортқа 100 мың баррель көлемінде мұнай жеткізілімін жүргізді. Компания осы мәміледен барреліне 20 АҚШ долларын немесе 2 млн. АҚШ доллары көлемінде жалпы кіріс алды. Осы құбыр желісі бойынша жеткізілетін мұнайдың рыноктық бағасы осы кезеңде ресми ақпараттық көздерге сәйкес барреліне 25 АҚШ долларын құрады. Демек, компанияның жалпы есептік кірісі 2,5 млн. АҚШ долларын құрайтын еді.

Бағаның рынок бағасынан ауытқуы 20% құрады. Дегенмен, компанияның және құзыретті органдардың берген қосымша мәліметтері ауытқудың осы мәмілені қолданып төлеген шартқа байланысты болғанын көрсетті. Осы компания осы құбыр желісіне компания айдаған тығыздығы мен күкірті бар мұнайды ескеріп мұнайдың соңғы бағасы айқындалатын осы құбыр желісіндегі мұнай сапасындағы Банк жүйесіне қатысушы болып табылған болатын. Осы жағдай рынок бағасынан ауытқу деңгейі айқындау кезінде есепке алынады.

6. Рынок бағасын айқындау тәсілі

20. Уәкілетті органдар рынок бағасын айқындау үшін мынадай тәсілдерді п а й д а л а н у ы м ү м к і н :

- 1) бақыланбайтын бағаны салғастыру тәсілі;
- 2) "залал қосылған" тәсілі;
- 3) келесі сату бағасы тәсілі.

21. Бақыланбайтын бағаны салғастыру тәсілі ұқсас (олар болмаған кезде - біркелкі) тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша мәмілелер тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) тиісті рыногында болған кезде қолданылады және сатушыға байланысты емес сатып алушыға салғастыру шарттары кезінде сатылған ұқсас (олар болмаған кезде - біркелкі) тауарлардың (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бағасынан туындап рынок бағасын белгілейді. Осы тәсілді қолдану кезінде тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) рыноктық бағасына тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) көліктік және осы көздерде аталған пункттерге дейін жеткізуге байланысты басқа да шығындарды ескеріп ресми ақпарат көздерінде жарияланған ұқсас (біркелкі) тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) бағасын пайдалануға болады . Бұл ретте, есеп айрысуды мынадай формула бойынша жүргізуге болады:

$$P_m = P_w - \Delta$$

онда, P_m - рынок бағасы, P_w - ресми деп танылған ақпарат көздерінің бағасы, Δ - тасымалдауға және тауарларды сатып алушыға жеткізуге және сатуға байланысты басқа да шығындарға шығарылатын жиынтық құн болып табылатын ш е г е р м е а қ ы .

Мысал. "А" кәсіпорны Новороссийскінің ФОб жеткізуші базисімен бірге Италияға шикі мұнайды сатуды жүзеге асырады. Рынок бағасын айқындау үшін ресми ақпарат көздеріндегі (мысалы, Platt s Global Alert) жариялымдар бойынша теңіз коносаментіне 5-7 күн қалғанға дейін Brent DTD орташа бағаламасын алады . Тиісті кезең үшін орташа Brent DTD барреліне 27,75 АҚШ долларын құрады. Егер мұнайдың сапасы мысалы, барреліне 27,0 АҚШ долларын құрайтын Urals MED-ке сәйкес болса, онда баррелі 0,75 долларлық сапасы бойынша шегерме ақыны ескеру қажет ($27,75 - 27,0 = 0,75$). Бұдан әрі, тиісті кезең үшін Новороссийскіден Италияға дейін тасымалдау жөніндегі шегерме ақы аталған

көздерден айқындалады. Мысалы, тасымалдау жөніндегі шегерме ақы 1,1 АҚШ долл./баррельге анықталған. Егер сауда агентінің (делдалдың) комиссияндығы 0,10-0,15 АҚШ долл./баррельге бағаланса, онда шегерме ақы мынадай болады:

$$\Delta = 0,75 + 1,1 + 0,15 = 2,0 \text{ долл./баррель,}$$

с о н д а ,

$$P_m = 27,75 - 2,0 = 25,75 \text{ долл./баррель.}$$

Рынок бағасын белгілеу мүмкін емес елдерде (мысалы, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы) жүзеге асырылатын тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сатқан кезде, рынок бағасына импорттаушы елдердің әкелетін кедендік жүк декларацияның мәліметтері бойынша алынады, болмаса, салғастырылған экономикалық жағдайларда осы рынокта халықаралық іскерлік операцияларға өзге де қатысушылардың ұқсас (біркелкі) тауарларын (жұмыстарын, қызмет көрсетулерін) сатуда орташа бағамен есеп айырысады.

Мысал. "А" кәсіпорны Х еліне данасы 10 АҚШ долларық баға бойынша 100 дана өнім тиеп жібереді. Осы рынокқа жіберілімді сондай-ақ "В" кәсіпорны данасы 13 АҚШ долларлық баға бойынша 200 дана және "С" данасы 17 АҚШ долларлық баға бойынша 100 данада жасады. Орташа бағамен есеп айырысу былай жүргізіледі $P_{op} = E_p q / E_q = (10 \cdot 100 + 13 \cdot 200 + 17 \cdot 100) / (100 + 200 + 100) = 13,25$ АҚШ долл./дана. "А" компаниясының кірісі $13,25 \cdot 100 - 10 \cdot 100 = 325$ АҚШ долл. т ү з е т і л е д і .

22. Рынокта ұқсас (біркелкі) тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша мәмілелер болмағандықтан, сондай-ақ тиісті ақпарат көздері болмағандықтан тиісті бағаларды айқындау мүмкін болмаған кезде, келесі сату тәсілі немесе "залал қосылған" тәсілі қолданылады "Залал қосылған" тәсілінің бағасы жеткізушінің сатуға қосымша бағалауды қосуға байланысты залалдарының, өнімдерін (қызмет көрсетулерін) бергені үшін жүргізілген сомасы ретінде айқындалады. Шығындар нақты және сандық айқындалатын деректер негізінде расталуы керек. Әкетілетін тауарлардың құны қатысушылар берген бухгалтерлік есептердің деректерінен туындайтын осы тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өндіруге және сатуға шығарған шығындардан және қызметтің осы саласы үшін қалыптасқан орташа рентабелдік нормасын қамтамасыз ететін пайдаға (үстеме бағаға) сай анықталады.

Мысал: "А" компаниясы тоннасы үшін 50 АҚШ доллары бағасы бойынша "А" компаниясымен байланысты және Ресей Федерациясында орналасқан "Б" зауытына 20,000 тонна шикізат сатты. Осы шикізатты Қазақстанда тек "А" компаниясы шығарады, ал Ресейде ешкім шығармайды. Алайда, бар ақпарат бойынша біртекті шикізат шығаратын "С" түрік компаниясының жалпы табысы осы өнімді өткізу рыногына байланысты 20-дан 30 процент құрайды. Осы шикізатты сату (тоннасы үшін 45 АҚШ долларында) және шығару бойынша "А"

компаниясының шығыстары және 25 процент көлемінде рентабельділік ескеріліп , оның кірісі $(45 * 1.25 / 50) * 20,000 = 125,000$ АҚШ доллары сомасына түзетіледі.

7. Халықаралық іскерлік операцияға қатысушылар мен уәкілетті органдар арасында өзара қатынастың және талқылаудың тәртібі

23. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі мәмілелердің және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті берген мәліметтердің мониторингтегі деректері бойынша салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді дұрыс есептеу туралы салықтық тексеруге трансферттік бағаларды қолданумен байланысты мәселелерді қосу қажеттілігін айқындайды.

24. Тексеру нәтижелері бойынша рыноктық бағалардан қолданылатын бағалардың ауытқуына қатысты ақпарат салық салынатын кірісті түзету туралы шешімді одан әрі қабылдау үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігіне беріледі.

25. Талқылау мәселелері басталғаннан бастап Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі халықаралық іскерлік операцияға қатысушыға тауар (жұмыс, қызмет көрсету) бағасының нарық бағасынан ауытқу фактісі болуы туралы хабарлайтын ресми хат жібереді. Қажет жағдайда сондай-ақ, қаралатын мәмілеге қатысы бар қосымша құжаттар (үшінші тұлғалармен келісім-шарттар және төлеу-есеп айырысу құжаттары, тараптардың құрылтайшы құжаттары, делдалдық, брокерлік қызметі үшін шоттар, бухгалтерлік құжаттар, коносаменттер және басқа да қажетті құжаттар) сұралады және оларды беру мерзімі көрсетіледі.

26. Егер мәміленің шығындары және өзге де шарттары құндық негізде айқындалған, құжатпен расталған және негізделген жағдайда, кірістің ауытқуын және түзетілуін есептеу кезінде осы мәміле бойынша берілген фактілер ескеріледі. Қарсы жағдайда, уәкілетті органдар осы фактілерді қосымша тексеруі мүмкін.

27. Халықаралық іскерлік операцияға қатысушы берген және жасырын болып табылатын немесе коммерциялық құпия құрайтын ақпараттарды уәкілетті органдардың лауазымды тұлғалары тек қана Заң шегінде пайдаланады және үшінші тұлғаға, соның ішінде Қазақстан Республикасының заңдарында көрсетілгеннен басқа жағдайларда, халықаралық іскерлік операцияға қатысушының өзінің рұқсатынсыз өзге де мемлекеттік органдарға берілуі мүмкін емес. Коммерциялық құпия құрайтын немесе жасырын болып табылатын ақпаратты таратқаны үшін лауазымды тұлғалар Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жауапкершілікте болады.

28. Ақпараттар негізделмеген, расталмаған немесе берілмеген жағдайда, сату бойынша қосымша шығындарды есепке алмай кірістерді түзету жүргізіледі және

Заңға сәйкес салықтарды, айыппұлдарды және өсімдерді есептеу туралы акт жасалады және салық және кеден заңдарына сәйкес салық және басқа да міндетті төлемдер сомасының актісі бойынша есептелгені туралы хабарлама жібереді.

29. Салық салынатын кірісті түзетуден туындайтын Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетіне салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер сомаларын есептеу туралы шешім халықаралық іскерлік операцияларына қатысушылардан және құзыретті органдардан барлық талап етілетін құжаттарды алу күніне бастап бір ай ішінде қабылданады.

30. Есептелген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлем сомаларын айыппұлдар мен өсімақыларды қолданып өндіріп алу, дауды шешу және сотта шағымдану Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүргізіледі.

Қ Р М К М - н і ң
 2 0 0 1 жылғы 1 4 мамырдағы
 N 5 9 0 бұйрығымен бекітілген
 Халықаралық іскерлік операцияларда
 трансферттік бағалар қолдану кезінде
 мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру
 тәртібі туралы нұсқаулыққа
 1-қосымша

Кеден ЖҚД ЖҚД Келісім- Келісім- Жіберу. Сатып Қабыл.Жеткізу Ныса
 орга. нөмі.шық. шарт шарттың шінің алушы.дап шарты налы
 ны. рі қан ұстау. нөмірі атауы ның алушы. (ИНК беке.
 ның күні шы және атауы ның ОТЕР ті
 атауы күні МС)

1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Т а б л и ц а н ы ң ж а л ғ а с ы

Сауда. Нысан. ЖҚД- Шот- Кеден. Көлік. СЭҚ ТН Тауар. Фактура
 ласушы алы нан фактура.дік тің бойынша дың лық
 елі елі тауарға ның, режим түрі коды көлемі құны,S
 сипат. коноса. (нетто,
 тама менттің кг)
 N ж ә н е
 к ү н і

11	12	13	14	15	16	17	18	19
----	----	----	----	----	----	----	----	----

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК